

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 4241 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімінің 15.05.2019 № 7 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде, Ақтүбек ауылдық округінің Атасу стансасында, Целинный ауылдық округіндегі Орынбай, Ақшағат, Бидайық-2 ауылдарында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Бакытжан Мылтыкбаевич Муқанов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Омаров